

**Гуманитарлық пәндер бірлестігінің
жылдық жұмысының қорытынды есебі**

Бірлестік жетекшісі: Тлеуова Ж.Е.

2022 - 2023 оқу жылы

**2022-2023 оқу жылындағы гуманитарлық пәндер бірлестігінің
жылдық жұмысының қорытынды есебі**

Гуманитарлық әдістемелік бірлестігінің құрамына 10 мұғалім енеді. Мұғалімдер сапасының құрамы талапқа сай. Маман емес мұғалімдер жоқ. Жоғары білімді – 10 мұғалім, 5 мұғалім – педагог-зерттеуші, 3 мұғалім – педагог-сарапшы, 1 мұғалім – педагог -модератор, санаты жоқ мұғалім – 2.

**2022-2023 оқу жылындағы гуманитарлық пән мұғалімдерінің сапалық
құрамын төмендегі кестеден көруге болады:**

Р/с	Тегі, аты-жөні	Сабақ береін пәні	Санаты	Аптал ық жүкте месі	Білімі	Соңғы курстан өткен жылы
1	Аймешова Б.	Ағылшын тілі	Зерттеуші -2018	21	Жоғары	2021
2	Сақтағанова Г.	Қазақ тілі мен әдебиеті	Зерттеуші -2018	16	Жоғары	2020
3	Ахметов Ғ.	Тарих	Зерттеуші- 2020	9	Жоғары	2022
4	Тлеуова Ж	Орыс тілі мен әдебиеті	Модератор-2021	19	Жоғары	2022 ж
5	Көпенова Г.	тарих	Сарапшы -2018	19	Жоғары	2023
6	Сейтқасым Л.	Қазақ тілі	Сарапшы - 2018	15	Жоғары	2023
7	Әділбекова Ж.	Құқық.	-	7	Жоғары	2020
8	Мырзахметов Е.	АӘД	Сарапшы 2019	2	Жоғары	2020
9	Сүгірәлиева М.	Музыка пәнінің мқ	Сарапшы -2019	8	Жоғары	2021
10	Қойшыбаева А	Орыс тілі мен әдебиеті	-	1	Жоғары	2023 ж

Тамыз айының соңғы күндерінде гуманитарлық пән мұғалімдері әдістемелік бірлестігінің бірінші отырысы өтті. Отырыста мұғалімдер нормативтік құжаттармен, соның ішінде мемлекеттік стандарт, әдістемелік нұсқау хат және пән бойынша бағдарламалармен танысты. Әдістемелік бірлестіктің жылдық жоспары талданып, бекітілді. Сонымен қатар, жаңа бағдарлама бойынша сабақ беретін (5-7 -сынып) мұғалімдердің ҰМЖ,ОМЖ ж/е күнтізбелік жоспарлары, оқу жоспарының жылжымалы бөлігіндегі таңдау пәндерінің бағдарламалары қаралып, бекітуге жіберілді.

Жұмыс дәптерлері, бақылау жұмыс дәптерлерінің әр сыныпта басталғандығын тексеру, сондай-ақ күнделікті жұмыс дәптерлерінің тексеріліп тұруын қадағалау және алғашқы бақылау жұмыстарының кестесі құрылды.

Бірлестік алғашқы жұмысын 22 қыркүйек Қазақстан Республикасы халқының Тілдер күніне арналған іс- шараларының жоспарынан бастады.

Мерекелік іс-шараны 2022-2023 оқу жылының 18-22 қыркүйек аралығында өткізу жоспарланып,бекітілді.

Мақсаты: Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңының, «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын», 2022-2023 жылдарға арналған мектепте 12 жылдық білім беруге көшудегі үш тілділікті іске асыру. Үш тілде сөйлеуді меңгеру; Мемлекеттік тіл саясатын насихаттау; Оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдана білуге тәрбиелеу.

Міндеті: Мемлекеттік тілді қолдану мәртебесін арттыру, үш тілде еркін сөйлеу. Тіл мәдениетін жетілдіру.

№	Тақырыбы	Сынып	Күні	Жауапты
1	Ашылу салтанаты	2 - 11	18.09	ГПӘБ
2	Көркем сөз оқу	5 -9	19.09	Сақтағанова Г. Сейтқасым Л.
3	«Ертегілер еліне саяхат»	2-5	20.09	ТлеуоваЖ.
5	«Әзілің жарасса атаңмен ойна»	2 - 11	21.09	Сейтқасым Л.
6	«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» қорытынды		22.09	Аймешова Б. Тлеуова Ж.

Үштілділікті дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған кешендік жоспарын іске асыру аясында 22 қыркүйек Тілдер мерекесіне арналған апталық жоспар бойынша жүргізілді. Тілдер мерекесінде қарастырылған іс-шараларға бастауыш сынып оқушылары мен ұстаздары да қатысты. Күнделікті жүргізілген іс-шаралар жоспарлы жүргізіліп, қорытындысы ӘБ жиынында талқыланып, олқылықтар дер кезінде түзетіліп отырды. Әр күнгі іс-шарада оқушылар үштілділікке бағытталған тапсырмаларды толықтай қызығушылықпен орындап шықты.

Апталық кезеңде мектеп кітапханасының қызметкері Дайрабаева А. 7, 8, 9-сыныптарынан облыстық Тілдер мерекесіне сай ұйымдастырылған диктант жұмысын алды. Нәтижесінде аталмыш сынып оқушылары Рустембек Р., Әділбек Н., Кулбаев С. сыйлықтармен марапатталды. Тілдер мерекесінің жоғарғы деңгейде өтуіне атсалысқан пән мұғалімдері мен ұстаздарға ауызша түрде алғыс жарияланды.

Бірлестіктің екінші отырысында Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі Г.Сақтағанова «Оқытудың озық әдіс - тәсілдерін ақпараттық – коммуникациялық технология негізінде жүргізе отырып, шығармашыл, құзіретті тұлғаны қалыптастыру» атты баяндама оқыды. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгір болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық, психологиялық сауаттылық, саяси- экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс жасап, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналатынын. Ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу-ағарту саласының оқыту үрдісінде жаңа технологиялық әдістер мен қондырғыларды кең көлемде қолдануды талап ететіндігін. Білім беру саласында электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу интернет, электрондық пошта, теле-конференция, видео-конференция, телекоммуникациялық жүйелер арқылы іске асырылып жатқандығына баса назар аударды. Сонымен қатар, әріптестерінің пікірі мен сауалдарына да көңіл бөлінді.

Қараша айында қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, тарих пәндерінен 9-11 сыныптар арасында оқушылардың мектепшілік пән олимпиадасы болып өтті.

Олимпиаданың мақсаты:

- ғылым негіздерін оқуға бейімділік пен қызығушылық танытатын дарынды оқушыларды анықтау;
- пән бойынша теориялық білімдері мен тәжірибелік біліктіліктерін терең меңгеруге көмектесу;

Олимпиада ережеге сәйкес, негізгі мақсат, міндеттері орындала отырып жүргізілді. Білім сайысына қатысып, білмекке құмарлығын дамытып, ақылы мен күш – жігерін шыңдап, білім-ғылым үйренбекке талап қылушы оқушылар шектелген уақыт ішінде меңгерген білім, білік, дағдыларын жан-жақты пайдаланып, әр тапсырма бойынша жүйелі, терең, тиянақты жауап беруге тырысты. Мектепшілік олимпиаданың жүлделі орын иегерлері желтоқсан айында республикалық пәндік олимпиаданың қалалық кезеңіне қатысты.

№	Пән мұғалімінің аты-жөні	Сыныбы	пән	Оқушының аты-жөні	жетістік
1	Сейтқасым Ләйла	6	Қазақ тілі мен әдебиеті	Жақсыбек Айзере	ІІІ орын
2	Әділбекова Жанар	9	Құқық негіздері	Бақытқызы Айшат	Алғыс хат

Ұсыныс: Олимпиадаға қатысқан оқушыларды өткен олимпиада материалдарымен таныстырып, сабақ барысында шығармашылықпен жұмыс жасауына баса назар аудару.

Оқушыларды ғылыми ізденіс жұмыстарына баулу мақсатында «Зерде» республикалық конкурсының қалалық кезеңіне мектебімізден 4 оқушы қатысты.

Деңгей	Оқушы аты-жөні	Бағыты	Жетекшісі	Нәтижесі
Қалалық/облыстық	Жақсыбек Айзе	Этно-мәдениеттану	Сейтқасым Л.	I орын
Қалалық	Рустембек Расул	Тарих	Көпенова Г.	III орын
Қалалық	Жақсыбек Мұстафа	Экология	Тлеуова Ж.	III орын
Қалалық	Әбдікер Нұрасыл	Психология	Сейтқасым Л.	Алғыс хат
Облыстық	Халилұллаев Әбілмансұр Сейтқасым Ләйла	Облыстық ғылыми шеберхана орталығының ұйымдастыруымен өткен 8-10 сынып оқушылары арасында өткен облыстық ғылыми жоба байқауы	Сейтқасым Л.	III орын

2022-2023 оқу жылы 03 -07 сәуір аралығында гуманитарлық бірлестік жоспарлы түрде пәндік апталық жүргізілді.

Тақырыбы: «Тіл, тарих, өнер –ғасырлар куәсі»

Апталықтың әдістемелік тақырыбы: «Жаңа бағдарлама-сапалы білім берудің негізі»

Мақсаты: Жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру, сабақта алған білімдерін дамыту.

Р/с	Жоспар тақырыбы	Өтілетін күні	Уақыты	Қатыс атын сынып тар	Жауапты
1	«Тіл, тарих, өнер –ғасырлар куәсі» атты апталықтың ашылуы	03.04.2023	0:25	5 - 11	9-10 сынып оқушылары Пән мұғалімдері
2	1) «Жыр- минут» 10 минуттық үзілісте өлеңдер оқу 2) «Миллион кімге бұйырады?» интеллектуалды ойын	04.04.2023	10:25 12:15	5 – 11 7 - 10	Мамырханова Б. Тлеуова Ж. Пән мұғалімдер
3	1) «Жыр- минут» 10 минуттық үзілісте өлеңдер оқу 2) Қазақ тілі: «Бауыржан Момышұлы және соғыс жылдарындағы қазақ әдебиеті» 3) Қазақ әдебиеті: Т.Ахтанов «Күй аңызы» 4) Ағылшын тілі: «Abilities with Can»	05.04.23	10:25 8:00 9:40 11:25	5- 11 7- сынып 8 – сынып 5 - сынып	Пән мұғалімдері Сейтқасым Л. Сақтағанова Г. Аймишева Б.
4	1) «Жыр- минут» 10 минуттық үзілісте өлеңдер оқу 2)Русский язык и литература: «Солнечная система: наши соседи» 3) Қазақстан тарихы: «XIX ғасырдағы білім беру мен ағарту ісі» 4) Құқық негіздері: «Құқықтық мемлекеттің басты идеялары неде?»	06.04.23	9:40 12:15 12:15	6 – класс 7 – сынып 9 - сынып	Пән мұғалімдері Тлеуова Ж. Ахметов Ғ. Әділбекова Ж
5	1) «Жыр- минут» 10 минуттық үзілісте өлеңдер оқу 2) АӘД: Пневматикалық винтовкадан нысанаға ату сайысы 3)«Қызық екен...» ойыны. Апталықтың жабылуы	07.04.2023	10:25 11:25 12:15	5 – 11 6 - 10 5 - 11	Пән мұғалідері Мырзахметов Е. Сейтқасым Л.

Қоғамдық - гуманитарлық пәндер бірлестігінің апталығының жүргізілу барысы

2022-2023 оқу жылы көлемінде 3 сәуір - 7 сәуір аралығында жоспарланған гуманитарлық пәндер апталығы өз жұмысын аяқтады. Апталықтың ашылуынан бастап, ашық сабақтар мен жоспарланған іс-шаралар легі белсенді әрі жауапкершілікпен өтті. Аптаның бірінші күні 5-10-сынып оқушылары арасында «Тіл, тарих, өнер –ғасырлар куәсі» атты қабырға газетін шығару ұйымдастырылды. Барлық сыныптар қабырға газетін шығарып, бірінші қабатқа орналастырды.

Бірінші кезекте аптаның екінші күні және де апта бойы үлкен үзілістерде балалар «Туған ел» атты тақырыпта өлеңдерді мәнерлеп оқыды. Екінші кезекте 5 – 11 сынып оқушылары арасында «Миллион кімге бұйырады?» интеллектуалды ойыны ұйымдастырылды. Нәтижесінде мәресінен озып шыққан оқушылар марапатталды.

Аптаның үшінші күні мұғалімдер ашық сабақтар өткізді. Жаңартылған білім беру саласы бойынша алынған 5-10 сынып оқушылары сабаққа белсенді қатысып, өз білімдерін көрсетті. Сонымен қатар, оқушылар үзіліс кезінде ұйымдастырылған «Жыр минуты» аталған тақырыпқа сай қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Апталықтың жабылу салтанатында мектепшілік пәндік олимпиада, қашықтық КИО олимпиадасына және қабырға газетінің үздік авторлары, шығарма сайысына қатысқан мектеп оқушылары мадақтау қағазы мен арнайы сертификаттармен марапатталды.

Гуманитарлық пәндер бірлестігінің апталығы жоспарланған мақсаттарына жетіп, міндеттерін толық атқарды.

Жалпы оқу жылы көлемінде гуманитарлық пәндер бойынша әртүрлі тақырыптағы сайыстар түрі көп. Халықаралық, республикалық, облыстық, аудандық сайыстарға үнемі қатысып, мектептің беделін көтеріп, атын даңқты ету жолында өз өнерлері мен білімдерін жүлделі орындардан көрсете білетін оқушылар қатары жетіп, артылады. Солардың бір қатары өз үлестерін І-ІІ тоқсан көлемінде көрсете білді.

Ұсыныс:

- 1.Келесі апталық мерзімін басқа оқу тоқсанына ауыстыру.**
- 2.Ашық сабақтар беретін сыныптарды жабық түрде таңдау (жереби).**
- 3.Әр пән мұғаліміне айтылған ескертпе ұсыныстарды орындау.**
- 4.Сабақ жоспарлауда уақытты ұтымды пайдалануға баса назар аудару.**

Гуманитарлық пәндер бойынша І-ІІ жартыжылдықта әртүрлі кезеңдік сайыстарға қатысқан оқушылардың жетістігі

деңгей	Пән мұғалімнің аты-жөні	Тақырыбы	Оқушының аты -жөні	Жетістік
Ауыл мектептері арасында	Сақтағанова Гүлзада	«Отбасы-бақыт мекені» эссе байқауы	Бақытқызы Айшат	I орын
Ауыл мектептері арасында	Сақтағанова Гүлзада	Мәнерлеп оқу байқауы		II орын
Қалалық	Ахметов Ғабит	BILIM BATTLE сайысында 9 сынып оқушылары	9 сынып оқушылары	АЛҒЫС ХАТ
Қалалық	Сейтқасым Ләйла	Зерде қалалық ғылыми жоба	Жақсыбек Айзере	I орын
Қалалық	Тлеуова Жадыра	«Мой Казахстан тебя воспеть хочу я» мәнерлеп оқу сайысы	Рустембекова Кәусар	III орын
Қалалық	Тлеуова Жадыра	Зерде қалалық ғылыми жоба	Жақсыбек Мұстафа	III орын
Облыстық	Сейтқасым Ләйла	Зерде облыстық ғылыми жоба	Жақсыбек Айзере	Грамота
Қалалық	Сейтқасым Ләйла	Зерде қалалық ғылыми жоба	Әбдікер Нұрасыл	Алғыс хат
Облыстық	Сейтқасым Ләйла	Облыстық оқу орындары мен арнаулы орта білім беру ұйымдары арасында өткізілген үздік тілші байқауы	Халилұллаев Әбілмансұр	III орын
Қалалық	Мырзахметов Еркеғали	Қала мектептерінің АӘТД оқытушылары арасында қазақ күресінен сайыс		I орын
Қалалық	Мырзахметов Еркеғали	Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 33 жыл толуына орай ұйымдастырылған қала мектептері арасында өткен АӘД сайысы		I орын
Қалалық	Әділбекова Жанар	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұйымдастыруымен құқық пәнінен 9-11 сынып оқушылар арасындағы сайысы	Бахытқызы Айшат	АЛҒЫС ХАТ
Қалалық	Әділбекова Жанар	Құқық пәні бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі	Бахытқызы Айшат	АЛҒЫС ХАТ
Қалалық	Сейтқасым Ләйла	5-6 сынып оқушылар арасында қазақ тілі мен қазақ әдебиетінен пәндік олимпиада	Жақсыбек Айзере	III орын
Қалалық	Сүгірәлиева Мархабат	Музыкалық колледжінің ұйымдастыруымен 1 наурыз алғыс айту күніне “Атамекен” атты патриоттық әндер байқауы	Ерімбетов Әліби	Алғыс хат
Қалалық	Сүгірәлиева Мархабат.	Музыкалық колледжінің ұйымдастыруымен 8 наурыз мерекесіне орай “Ана құдыреті” атты мәнерлеп оқу байқауы	Жақсыбек Айзере	III орын.
Облыс	Сейтқасым Ләйла	Облыстық ғылыми шеберхана орталығының ұйымдастыруымен өткен 8-10 сынып оқушылары арасында өткен облыстық ғылыми жоба байқауы	Халилұллаев Әбілмансұр	III орын

Ұсыныс: Кезеңдік сайыстарға басқа да оқушыларды дайындап, қатыстыру. Дарынды оқушылармен жұмысты жоспарға сай жүргізіп, аудандық сайыс кезеңіне қатысатын оқушыларды алдын ала бекіту.

Бірлестіктің әр мұғалімі өзі сынып жетекшілік атқаратын сыныбымен жоспарлы жұмыстар жүргізіп, іс-шаралар өткізеді. Білім мен тәрбиені қатар ұштастырып, өз білімдерін жетілдіру жолында талмай қызмет атқарып, тәжірибе алмасады.

Мұғалімдерді аттестациялау бойынша

Бірлестікте санатынаның уақыты келген 2 мұғалім аттестаттауға ұсынылған болатын. Нәтижесінде Сейтқасым Ләйла Бекболатқызы портфолио бойынша ұсынылған санатқа сай деп танылды, аттестаттау тест сынағынан өтті.

Көпенова Гүлшат Тұрдықызы портфолио бойынша ұсынылған санатқа сай деп танылды, тест сынағына ағымдағы жылдың шілде айында кіреді

2023-2024 оқу жылында бірлестік жұмысының өзекті тақырыбы

«Білім беруде сауаттылықты арттыру және жан-жақты дамыған, сыни көзқарасы қалыптасқан тұлға қалыптастыру»

Мақсаты: Бәсекеге қабілетті, көпбейінді оқытудың талаптары н меңгерген, құзырлы, үштілді меңгерген шығармашыл тұлғаны қалыптастыру .

Міндеттері:

- ❖ Оқушылардың үлгерім деңгейін анықтау
- ❖ Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты тереңдету
- ❖ Оқушылардың шығармашыл қабілеттерін ашуға жағдай туғызу;
- ❖ Оқу-әдістемелік кешендерді жаңартып отыру;
- ❖ Мектепшілік, қалалық деңгейдегі пәндік олимпиада, интеллектуалды ойындарға қатысу
- ❖ Ұстаздардың ғылыми-ізденіс жұмыстарын ұйымдастыру;
- ❖ Білікті ұстаздардың жұмысын жинақтап, жалпылау.
- ❖ Оқушылардың ғылыми- танымдық қабілетін арттыру.
- ❖ Дарынды оқушылармен жұмысты жандандыру.